

ерекшелігімен, рухани өмірімен және шаруашылығымен тікелей байланысында.

Кез-келген елмен, сол елдің мәдениетімен, рухани құндылықтарымен терең танысқысы келген адам сол елдің мақал-мәтелдерін оқып, өзінше зерттеп, оларға лайықты көңіл бөлуі тиіс. Бұл тек жапон еліне қызығушылық танытушыларға ғана емес, осы елдің тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін оқып үйренуші мамандарға да қатысты. Себебі, мақал-мәтелдерде сол халықтың өмірге деген көзқарасы, қуанышы мен қайғысы, басынан кешірген бар өмір тәжірибесі мен тарихы көрініс табады. Ал жапон мәдениеті бүкіл әлемдік тұрғыдан ғана емес, басқа шығыс елдерінің мәдениеті арасында қайталанбас ерекше құбылыс болып табылады. Сол себептен, жапон ұлттық мақал-мәтелдері ғасырлар тоғысында әлемге танылып отырған осы еңбекқор, ұлттық бейнесі ерекше халықтың қандай екенін түсініп, жапон тілінің табиғи сұлулығын, терең байлығын сезінуге көмектеседі.

1. Донбаева А.Б. «Даналықтың түбі бір». Алматы. 2004 ж.

2. Васина Т.И. «Так говорят японцы. Крылатые фразы на японском и русском языках». Москва. «Астрель:АСТ», 2005 г.

3. «Япония от А до Я». Москва. «Япония сегодня», 2000 г.

4. Mitani E., Minemura F., Saito Y., Naratsuka K. 『社会人のための国語の常識』. Japan. 1987.

5. 『故事ことわざ・慣用句辞典』. Japan. 2001.

Данная статья посвящена наиболее часто употребляемым пословицам, поговоркам и крылатым фразам японского языка и отражению в них национального характера, культуры и быта японского народа. Для раскрытия темы были приведены конкретные примеры и сделан текстологический анализ.

This article is about the most usable proverbs, sayings and pithy phrases of the Japanese language and reflection in them of national character, culture and way of life of Japanese people. For disclosing a theme concrete examples have been resulted and the textual analysis is made.

Тазабекова Г.Б.

ЖАПОН ТІЛІНДЕГІ «ҚАРЫН» СОМАТИЗМІМЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР СЕМАНТИКАСЫ

Тіл мен мәдениет арасындағы байланыс жөніндегі мәселе аса күрделі де маңызды тақырыптардың біріне жатады. Бұл мәселеге он сегізінші ғасырдан бастап-ақ әлемнің көптеген ғалымдары өз еңбектерін арнады. Қазіргі таңда тіл мамандарының көпшілігі тіл (әрбір индивидтің және жалпы қоғамның дүниетанымын білдіретін сананың формасы) әрдайым мәдениеттің әсерінде болады деген көзқарасты дұрыс көреді. Жапон тілі де ғасырлар бойы ұлттық мәдениеттің ықпалында қалыптасып келді. Ұлттық дүниетанымының жапон тіліне әкелген әсерін анықтау үшін фразеологиялық бірліктер мәселесін қозғаудың маңызы зор.

Ұлттық-мәдени эталондар, стереотиптер, мифологемаларға баратын бірден-бір жол фразеологиялық бірліктермен тығыз байланысты. Сондықтан да кейбір ғалымдардың (В.Н.Телия, Д.О.Добровольский) дүниенің фразеологиялық бейнесі халықтың ұлттық-мәдени ерекше таным жолын зерттеуге мүмкіндік береді деген пікірлері белгілі. Дүниенің фразеологиялық бейнесі түсінігі ғасырлар бойы халықтардың шығармашылығы процесі барысында дүние туралы жинақталған білімдер жүйесі дегенге саяды. Әрбір фразеологиялық бірлік қоршаған орта реалийлерін сипаттау жүйесінің бір бейнелі элементі.

Фразеологиялық мағына – динамикалық құбылыс, ол ұлт үшін аса маңызды абстрактілі мағынаға әкеледі. Фразеологиялық мағынаның спецификалық табиғаты оның лексикалық мағынадан өзгешелігімен емес, әрбір ұлттың дүниені тану, белгілеудің эмоционалды-экспрессивті, антропоморфты аясымен сипатталады. Бұл жолда фразеологизмдердің ең басты ерекшелігі оның бейнелілігінде жатыр. Бұл заңды да. Өйткені халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігінің фрагменті – кез келген фразеологиялық бірліктің астарында сол тұрақты тіркестің тууына уәж болған бейне немесе сурет жатыр. Сондықтан да ұлттың мәдени ерекшеліктері тілдің фразеологиялық қабатында жақсы әрі айқын, яғни мағынасы сол байырғы қалпында сақталады. Бұл әрбір фразеологиялық бірлік мағынасының біртұтас бөлек дүние, ал оның компоненттері семантикалық өзгеріске оңай ұшырайтынымен түсіндіріледі /1/.

Тілдің фразеологиялық қабатының көлемді бөлігін соматикалық тұрақты тіркестер құрайды. Ең алдымен, «соматикалық» фразеологиялық бірліктер дегеніміз не екенін анықтап алу қажет. Тілдегі құрамында бір компоненті адам денесінің мүшесі атауы болып келетін тұрақты тіркесті соматикалық фразеологизм деп атайды. «Сома» грек тілінен аударғанда «дене» деген мағына береді. Мысалы: *аузына тас салды, жүрегі бүлк етті, қол ұшын берді, аяқ баспады, басы-көзіне қарамады т.б.*

Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдерді жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестермен салыстыра отырып, екі тілде де адамзат ойлауының әмбебаптығынан туындайтын, қолданыс жиілігі жоғары бір топ фразеологизмдер кездесетіндігін байқадық. Мысалы: *көз, қол, бас, бет, мұрын, аяқ, жүрек, іш* соматизмдерінен жасалған тұрақты тіркестердің қолданыс жиілігі басқаларына қарағанда жоғары болып келеді.

Тіл-тілдегі әмбебап концептілерді анықтаумен қатар, әрбір халыққа тән салт-дәстүр, наным-сенім, өмір сүру салты т.б.

ерекшеліктеріне сәйкес туындап, жинақталатын тілдің фразеологиялық қабатын зерттеу маңызды мәселелердің бірі. Мысалы, кейбір қазақ соматикалық фразеологизмдерінің басқа тілдерде эквиваленттері жоқ. Өйткені әрбір халық объективті дүние заттары мен құбылыстарын өзінше таниды. Мысалы, «*жүрегі тас төбесіне шықты*» тұрақты тіркесінің мағынасы орыс тіліне «*сердце в пятки ушло*» фразеологизмімен берілсе, жапон тілінде оларға «*бауырын суыту*» деген тіркес мағыналас болады. Ал «*бармағынан бал тамған*» деген тұрақты тіркестің басқа тілде эквиваленттері тіпті жоқ деуге де болады.

Жапон тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің классификациясына назар аударатын болсақ, олардың келесідей ерекшеліктерін байқаймыз. Жапон тілінің Коджиэн түсіндірме сөздігінде берілген соматикалық фразеологизмдердің жалпы саны төмендегідей:

目 (*мэ*) «көз» - 121 фразеологизм, 手 (*тэ*) «қол» - 97, 口 (*кучи*) «ауыз» - 78, 胸 (*мунэ*) «кеуде» - 51, 腹 (*хара*) «қарын» - 44, 耳 (*мими*) «құлақ» - 32, 頭 (*атама*) «бас» - 31, 足 (*аши*) «аяқ» - 30, 鼻 (*хана*) «мұрын» - 24 /2/.

Дене мүшелеріне қатысты қолданылатын фразеологизмдердің саны жағынан бірінші орында «көз» сөзі тұр. Адам айналадағы дүние жөніндегі ақпараттың сексен пайызға жуығын көру мүшесі – көз арқылы қабылдайтыны мәлім. Содан соң «қол» және «ауыз» концептілері келеді. Бұлардан кейін берілген кестеде «кеуде», «іш» сөздерімен бірге жүретін тұрақты сөз тіркестері орын алады. Мұның барлығы «тағамды көзбен көру, қолмен алу, ауызға салу, оның кеудені өтіп барып ішке түсуі» сияқты тамақ қабылдау үрдісіне ұқсайды. Алайда бұл кестенің жұмбағы мұндай жеңілдікпен шешіліп қоймайды. Жапон тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің саны бойынша жоғарыда берілген тізбек негізінде орналасуын күншығыс елінің мәдениеті мен жапон халқының дүниетанымдық ерекшеліктері негізінде түсіндіруге болады. Жапон мәдениеті айналадағы дүниені одан тыс тұрған бойы

тануға емес, керісінше оған ену, онымен өзара сіңісу, әрі оны зерделеу арқылы ұғынуға негізделеді. Осылай айналадағы дүниені танудың басты құралына көру мүшесі - «көз» айналады. Сондықтан шығыс мәдениетінің символикалық жүйесінде «көз» концептісі ең маңызды орын алады. Сонымен қатар, жапон тіліндегі соматикалық фразеологиялық бірліктердің арасында біріншіден, мысалдардың мән-мазмұны жөнінен де, екіншіден, саны жағынан да, 腹 (*хара*) «қарын» соматизмі аса маңызды орын алады. Осы мәселені қарастыру жапон халқының ұлттық дүниетаным ерекшеліктерімен танысуға жаңа мүмкіндіктер ашады деген сеніммен осы ғылыми зерттеу жұмысымызды «*иш*», «*қарын*» соматизмдерінің семантикасы тақырыбына арнаймыз.

Жапон және қытай эзотерикалық ілімдерінде іш адам денесіндегі физикалық және энергетикалық орталық, әрі тіршілік энергиясы шоғырланған мүше болып саналады. Өйткені, онда ежелгі Қытайдан келген жапонша «Фу:суй» немесе қытайша «Фэншуй» іліміне сәйкес, адамның ішінде «Ци» атты «ортаңғы күш» орналасады.

Ресейдің медицина ғалымы Игорь Богатырев өзінің «Фэншуй әдістері бойынша сауығу» атты кітабында Ци энергиясы жөнінде былай дейді: «Ци – дүниенің энергиясы, айдаһардың ғарыштық тынысы. Онсыз еш нәрсе тіршілік ете алмайды. Ол адамға өмір мен денсаулық әкеледі. Ци бүкіл ғаламға таралған. Ол әр уақытта, әрі бүкіл жерде және барлық нәрседе болады. Ол адамның энергетикалық каналдары – меридиандар арқылы жылжи отырып, біздің денемізді толтырады» /3, 18/.

«Тіршілік орталығы» жөнінде толығырақ мәлімет алу үшін жапон елінің тарихына назар аударған абзал. «Фэншуй» іліміндегі «ортаңғы күш» идеясының тамыры буддизм философиясында жатыр. Хейан дәуірінің соңғы бөлігінде жапон жауынгерлері – самурайлардың арасында өзін-өзі өлтіру салты («харакири» немесе «сэппуку») қалыптасқаны белгілі. Бұл рәсім бойынша өз қожайындарынан айырылған немесе басқа да заман

қыспағына түскен жауынгерлер өздерінің өмірлерін өз еріктерімен қиып отырған. «Сэппуку» рәсімі жапон жауынгерлерінің атақты «бушидо» кодексінен өз бастауын алады. «Бушидо» кодексі буддизмге, оның ішінде «дзэн» сектасының ұстанымдарына негізделеді. Жапон жауынгерлерінің идеологиясына сәйкес, «харакири» самурайлардың еркі мен рухының күштілігін, салқынқандылығын, өлім алдындағы батылдығының белгісі іспеттес болды. Ішті жару үшін жапон жауынгеріне асқан қайраттылық пен сабырлық қажет болды. Себебі, адамның іші – көптеген жүйке жасушалары орналасқан аса сезімтал дене мүшесі. Өздерін күншығыс елінің ең қайсарлы да жігерлі адамдары санаған самурайлар өлімнің дәл осындай түрін дұрыс деп білген. «Харакири» ұғымын сөзбе-сөз аударғанда, «*ишті кесу*» деген мағынаны береді. Олай аталғаны – самурайлар осы «сэппуку» рәсімін ішінің дәл ортасына қылыш кіргізу әдісі негізінде жүзеге асыратын еді. Рәсімнің мұндай жолмен іске асырылуының себебін дзэн ілімінің қағидаларымен түсіндіруге болады. Дзэн философиясы бойынша, адамның негізгі тіршілік энергиясы оның ішінде жинақталған. Оның себебін буддистер келесідей түсіндіреді: іш бас, екі қол, кеудеден тұратын адам денесінің жоғарғы бөлігі мен екі аяқтан тұратын оның төменгі бөлігінің аралығында, яғни дененің дәл ортасында орналасады. «Ортаңғы күш» идеясы бойынша, осы «тіршілік көзінен» адам денесінің барлық мүшелеріне энергия таралады. Яғни, дәстүрлі батыс философияларында сияқты тіршілік орталығы болып адамның жүрегі емес, оның іші саналады. Демек, жапон халқы адамның іші сияқты дене мүшесін эмоционалдық тіршіліктің ішкі қайнар көзі ретінде қарастырады. Ал «харакири» салты арқылы жауынгер өзінің ішкі жан дүниесін ашады, шынайы ниеттері мен ұмтылыстарын білдіреді. Мұндай астарлы мағынаға ие рәсімнің тарихына үңілу арқылы іш сияқты дене мүшесінің жапон халқының дүниетанымында, мәдениетінде, ұлттық құндылықтар жүйесінде алатын аса маңызды орнын көруге болады.

«Іш» сөзі жапон тіліне 御中 御腹 «онака» немесе 腹 «хара» деп аударылады. Қазақ тілінде «іш» және «қарын» сөздеріне сәйкес, 御中 御腹 «онака» – «іш», 腹 «хара» – «қарын» түсінігімен дәл келеді десе болады. Олай дейтініміз, 腹 «хара» сөзі жапон тілінің сыпайы стилінде мүлде қолданылмайтын стилистикалық реңкі жағынан дөрекі, тұрпайы сөздер тізіміне енеді. Сол секілді жоғарыдағы сипаттамаға қазақ тіліндегі «қарын» сөзі ие. Тағы бір қызықты жайт, 御中 御腹 «онака» сөзі 御中 (сирек түрде 御腹) деген екі иероглифтен құралады. Ал бұл иероглифтердің мағынасы 御 (о) – сыпайы стильдің жұрнағы болса, 中 (нака) – іш (нәрсенің іші, ішкі жағы) деген мағынаға ие. Қазақ тілінде де адамның дене мүшесі болып табылатын «іш» және нәрсенің іші, яғни «сырт» сөзінің антонимі бірдей дыбысталады белгілі. Бұл – «іш» сөзінің полисемиясы, яғни көп мағыналылығына негізделген құбылыс. Мәселен, ағылшын тілінде бұл екі сөз «*stomach*» және «*inside*» болып айтылады. Олардың дыбысталуы мүлде бөлек. Сондай-ақ орыс тілінде де «*живот*», «*внутри*» сөздерінің лексикалық байланысының тіпті жоқ екендігі айқын. Қазақ және жапон тілдеріндегі адамның дене мүшесі және нәрсенің ішкі бөлігі сияқты сөздердің бірдей дыбысталуы, осы екі түсініктің бір концепті, бір бейне негізінде туындағандығын айғақтайды. Қандай болмасын заттың іші деп бітеу кеңістіктің қуыс бөлігін атасақ, қуыс пішіндес адамның ас қорыту мүшесі дәл сол түсініктің адам денесіндегі көрінісі болмақ. Сондықтан қазақ халқы да, жапондықтар да бұл екі ұғымды ортақ түсінікке біріктіре қарастырады. Тілдердің ұқсастығы – халықтардың ұқсастығы демекші, қазақ және жапон ұлттарының дүниетанымдарындағы «іш» ұғымына қатысты түсініктердің өзара сәйкестігі, екі халықтың ұлттық мәдениеттерінде, құндылықтары мен нормалары жүйелерінде және ойлау тәсілдерінде ортақ тұстарының бар екендігіне дәлел болады.

Жапон тіліндегі 腹 «хара», яғни «қарын» сөзі жиі кездесетін және көп мағыналы сөздер қатарына енеді. Мәселен,

Сансейдо баспасынан шыққан жапон тілінің «Шинше:джириин» атты түсіндірме сөздігінде «хара» сөзінің келесі мағыналары келтіріледі:

- 1) асқазан және ішек-қарын орналасқан адамның дене мүшесі;
- 2) жатыр (ұрықтың орналасатын жері);
- 3) ниет, ой;
- 4) көңіл-күй, эмоция;
- 5) ерік-жігер, батылдық /4, 581/.

«Хара» деп жапондықтар тек қана адамның кеудеден төмен орналасқан дене мүшесін ғана атамай, «жан», «жүрек», «сезім», «ой», «ниет», «көңіл» тәрізді ұғымдарды да меңзейді. Сонымен қатар, «қарын» сөзі метафоралық құрамдас ролін де атқарады: «хара» сөзі кеме жалауының желді ұстап тұратын бір бөлігін атау үшін қолданылатыны белгілі. Ал бұрынғы замандары «қарын» сөзі құмыра пішіндес заттарды санау кезінде қолданылатын реттік жұрнақ ретінде пайдаланылған.

«Қарын» сөзінің «Шинше:джириин» сөздігінде келтірілген түсіндірмелерін бөлек-бөлек қарастырып көрелік. Бұл зерттеу жұмысында біз адамның дене мүшелеріне жататын бастапқы екі аудармаға тоқталмай, «ниет», «ой» түсіндірмелеріне бірден көшуді жөн көрдік.

Жапон тілінде қарын «қара түсті» болуы мүмкін /5, 281/. 腹が黒い (хара га курои) «қарны қара» фразеологизмі жағымсыз мағынаға ие. Оның қазақ тіліндегі эквиваленті «қара ниет» деп айтуға болады. Соған ұқсас 腹が癒る (хара га кусару) «қарынның шіруі» сөз тіркесі де ниеті бұзылған, жүрегі қарайған адам туралы айтқанда қолданылады. Адамның ойы немесе ниетіне қатысты айтылатын фразеологиялық бірліктер тізімін толықтыра түссек, 腹を探る (хара о сагуру) сияқты сөз тіркесіне кезігеміз. Оның тура мағынасы – «қарынды тінту», басқаша айтқанда, «адам ойының, ниетінің қандай екендігін білуге тырысу».

Соған ұқсас жапон халқының өкілдерінде өз іштерін «оқитын» кездер де болады екен. 腹を讀む (хара о ёму) «қарынды оқу» дегеніміз – адамның ойларын, ниетін білу /5, 284/. Ал жапондық сізге 腹を割って話しましょう (Хара о

ватте ханашимаше:) десе, бұл, әлбетте, «қарнымызды жарып сөйлесейік» деген мағынаны бермейді. Берілген фразеологизмнің мән-мазмұны «ойларымызды жасырмай, шын ниетімізді білдіріп пікірлесейік» деген мазмұнға ұласады /6, 35/.

«Кэнкюся» жапонша – орысша сөздігінде 腹を決める(хара о кимэру), 腹を固める(хара о катамэру), 腹を据える(хара о суэру) деген тұрақты сөз тіркестер келтіріледі /7, 893/. 決める(кимэру), 固める(катамэру), 据える(суэру) етістіктерінің мағынасы «шешу», «қатайту», «тұрақтау». Мұндай фразеологизмдер адамның бір әрекетті жүзеге асыруға ниеттенгенде, бір істі жасайтыны туралы шешім қабылдағаны кезінде пайдаланылады. Бұл тұрақты сөз тіркестер, айналып келгенде, қайтадан «ниет» мәселесін қозғайды. Жалпы алғанда, жапондықтардың «қарын» сөзін «ой», «ниет» ұғымдарымен байланыстыруының себебі мынадай: қарын – ішінде нендей құбылыс болып жатқаны сырт көзден жасырылған дене бөлігі болып табылады; ал адамның ой-пікірі, ниеті дәл солай оның жүрегінің түбінде, яғни адамның ішінде өзгелерден жасырын түрде сақталады.

Сондай-ақ, жапон халқы қандай болмасын мәселені шешіп, бір әрекет жасауға бекінгенде , 腹を括る (хара о кукуру) «қарынды байлау» деп айтады /7, 893/. Ал қазақ халқы бұл ретте «қарын байлау» емес, «бел байлау» немесе «бел буу» дейді. Екі халық ниет ету мәселесін «қарын» және «бел» сияқты екі түрлі соматизммен байланыстыру себебін, жапон және қазақ ұлттарының концептосфераларында «ниет», «ой» сияқты түсініктердің астарында әр түрлі «қарын» және «бел» тәрізді бейнелердің болуымен түсіндіруге болады. Бұл орайда ағылшын ұлтының дүниетанымы жапон және қазақ халықтарының қоршаған ортаға деген көзқарастарымен ортақ нүктеде тоғысқандығын байқауға болады. Оған дәлел ретінде «to have no stomach for something» деген фразеологиялық бірлікті келтіруге болады. Оның мағынасы - бір істі жасауға деген ниеттің болмауы.

Мысалы, «The soldiers have no stomach for a flight» (Сарбаздардың ұшуға деген ешбір ниеттері жоқ) /8, 736/. Бұдан білетініміз, ағылшын тілінде де «іш» соматизмі «ниет» түсінігінде қолданылатын кездер болады.

Жапон халқының өз ниетін, ойын білдіру сияқты тақырыпқа тоқталып отырғандықтан күншығыс еліндегі 腹芸 (харагэй) деп аталатын арнайы «іш өнері» жөнінде айта кеткен абзал. Бұл өнердің мәні ешбір тіл не белгілер қолданбай-ақ, адамның өз сезімдерін білдіре алу және екінші кісінің жанын түсіне білуінде жатыр. Бұл әлеуметтік философияның түпкі тамыры баяғыдан қалыптасқан күншығыс елінің «күріш өсіруге» қатысты мәдениетінде жатыр. Бұрынғы замандары жапон шаруалары өз ауылының тұрғындарына жеткілікті болатын күріш өсіріп шығару үшін көп еңбек етіп, өздерін жеке тұлға ретінде емес, топтың бір бөлігі ретінде қарастыруы қажет болды. Олар өз іс-әрекеттерін бір-бірімен ақылдаса отырып жүзеге асырды. Яғни, бір үлкен ағза іспеттес болды. Мұндай қарым-қатынастың нәтижесінде жапондықтар өз ойларын сөзсіз-ақ жеткізе алатын дәрежеге жетті. Қарым-қатынас адамдар арасындағы интуициялық байланыс негізінде жүзеге асып отырды. Яғни, жапон ұлты «адамның басқаларға өз ниеттерін шебер білдіре алу өнерін» «харагэй» деп білді. Қазіргі заманда өмір сүретін жапондықтар да сол қағиданы қатаң ұстанатын секілді. Олар ойларын білдірген сәтте, өз пікірін соңына дейін толық жеткізуден тартылады, әрі аз сөйлейді; екінші кісіні қолайсыз жағдайға қоймау үшін ескертулер жасаудан көбіне бас тартады, дау-жанжал жағдаяттарын айналып өтуге тырысады /9, 12/.

Ниет мәселесін тамамдай келе, келесі «көңіл-күй», «эмоция» секілді түсініктемелерге көз жүгіртеміз. Жоғарыда айтылып өткендей, жапон халқында «хара» сөзі адамның эмоциялық көңіл-күйін суреттеу кезінде де пайдаланылады. «Шинсэн канёкуно джитэн» деген жапон тілінің тұрақты сөз тіркестер сөздігінде 腹の虫がささらぬい (хара но муши га осамаранай) деген аса қызықты фразеологизм кездеседі. Оны сөзбе-сөз

аударғанда, «*iштегі жәндік тынышталмайды*» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, бұл фразеологиялық бірліктің мағынасы - адамның бір нәрсеге қатты ызаланып, ашуланғаны сонша жанының тыныштық таппауы. Сонымен бірге, жапондықтар ашуға салған сәтте 腹が立つ (*хара га тацу*) «*қарным тұрды*» немесе 腹が煮える (*хара га ниэру*) «*қарным қайнады*» деп те айтады екен /5, 282-283/. Қазақ халқы өз ашу-ызасын білдірген кезде, 腹が煮える (*хара га ниэру*) фразеологизміне дөп келетін «ішім қайнады» секілді сөз тіркесін қолданатыны белгілі. Жапон тілінің фразеологиялық бірліктеріндегі «қарын», «іш» және «көңіл-күй» ұғымдарының мұндай берік байланысы ашу, ыза, реніш секілді барлық эмоциялар адамның ішінде, яғни жоғарыда қарастырылған адамның «эмоционалдық тіршілігінің орталығында» пайда болуымен түсіндіріледі.

Келесі кезекте «қарын» және «жігер», «ерік», «табандылық», «қайраттылық» сияқты ұғымдарға тоқталсақ, біріншіден, 腹が太い (*хара га футой*) «*қарны қалың*», 腹が大きい (*хара га оокии*) «*қарны үлкен*» сияқты сөз тіркестерін қарастырамыз. 腹が太い (*хара га футой*), 腹が大きい (*хара га оокии*) деген фразеологизмдер толық адам туралы айтылған сөз емес. Бұл фразеологизмдердің мәні «қайратты», «жігерлі» тәрізді сөз тіркестеріне сәйкес келеді. Ал «*қарынның мүлде болмауы*», яғни 腹が空い (*хара га най*) сөз тіркесінің мағынасы сәйкесінше «еріксіз», «жігерсіз» дегенді білдіреді /10, 330/.

Осы орайда қазақ тіліндегі «қарынның» көлемділігіне байланысты айтылатын тұрақты сөз тіркестерін де назардан тыс қалдырмаған жөн. «*Қарны тойды*», «*қарны ашты*», «*қарны қампиды*», «*қарны шықты*» секілді тіркестер адамның тамақты қабылдау процестерімен тығыз байланысты бола отырып, жапон тілінен ерекшеленіп, көбінесе «байлық», «мәртебе», «дәулет» жөнінде сөз қозғалғанда жиі кездеседі. Мәселен, «қарын тойса, қарта боқ сасиды» дейді халқымыз. Мұның мағынасы - дәулетке, байлыққа қол жетіп, қондана бастаған адамда кесір, менмендік пайда

бола бастайды, әдетте тәп-тәуір дүние-мүлік пен бағалы заттың өзіне де менсінбей, мұрнын шүйіре қарау байқалады» /11, 394/.

腹 (*хара*) «қарын» сөзінің жапон тілінде беретін мағыналары жоғарыда берілген түсіндірмелермен шектелмейді. Мәселен, «Кэнкюшя» жапонша–орысша сөздігінде 腹 (*хара*) «қарын» сөзі «жүрек», «жан» деп те аударылады /7, 893/. Оның себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, батыс мәдениетіне сәйкес, адам тәніне тіршілік нәрін беруші, қанды бүкіл денеге таратып, күш-қуат сыйлаушы, әрі адам жанының, эмоционалдық тіршілігінің шоғырланған дене мүшесі - жүрек, ал шығыс философиясында - «іш». Сондықтан белгілі бір жағдайларда, жапон тіліндегі «*хара*» соматизмімен қолданылатын фразеологизмдер қазақ тіліне «жүрек» деп аударылады. Жүрек, жан мәселесіне нақтырақ тоқталсақ, жапон халқының бұл орайда қолданатын 腹がちぎれる (*хара га чигирэру*) «*қарынның егілуі, үзілуі*» тұрақты сөз тіркесін атамай кетуге болмайды. «Іші қан жылады» сияқты мұндай фразеологизм қайғы-қасіретке душар болған жанның психологиялық қалпын сипаттайды. «*Егілу, үзілу*» етістіктерін қарастыра отырып, орыс халқы адам жанының қиналысын суреттеу кезінде «*сердце разрывается*» сөз тіркесін қолданатындығына назар аударған жөн. Яғни, орыс және жапон ұлттары қайғыға тап болған адамның эмоционалдық күйін оның «ішінің егілуі» немесе «жүрегінің егілуі» сияқты бейнелермен байланыстырады. Қазақ халқы осы орайда «*іші күйді*», «*іші өртенді*», «*іші суыды*», «*іші жылады*», «*іші қанжылды*» деп айтады. Бұл қазақтардың жапондықтар тәрізді «ішті» адамның жанына, жүрегіне теңеп айтқандағы сөз тіркестері болса керек.

Қорыта келгенде, жапон тіліндегі дене мүшелеріне қатысты фразеологиялық бірліктердің ішінде 腹 (*хара*) «қарын» соматизмімен қолданылатындары тілде де, халықтың мәдени өмірінде де аса маңызды орынға ие екендігіне көз жеткізуге болады. Жапон халқы «қарын» сөзін тек адам

денесінің бір мүшесі ретінде ғана қарастырып қоймай, оны «жүрек», «жан», «ниет», «көңіл», «жігер» сияқты адамның рухани өмірінде елеулі орын алатын нәрселермен бір шеңбер аясында қарастыратыны, әрі адамның бұл дене мүшесін солармен бірдей көретіндігі, оған аса зор мән беретіндігі анықталды. Сонымен қатар, зерттеудің нәтижесінде қазақ және жапон тілінің соматикалық тұрақты сөз тіркестерінің ортақ тұстарының, жанасатын жерлерінің аз еместігіне де көз жеткіздік. Яғни, бұл тақырыптағы ізденіс нәтижесінде екі тілде ғана емес, жалпы қазақ және жапон халықтарының дүниетанымдары, ұлттық құндылықтар мен көзқарастар жүйелерінде бірқатар ұқсастықтардың бар екендігі айқындалды. Зерттеудің мұндай нәтижесі болашақта қазақ және жапон тілдеріндегі жалпы фразеологиялық қабаттардың одан арғы терең зерттелуі қажет екендігін айғақтайды.

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. ФФД...дисс. автореф.– Алматы, 2004.

2. Симмура. И. Кодзиэн (Толковый словарь Кодзиэн). Токио. «Иванами сэтэн», 1991.

3. Богатырев И. Оздоровление по методам Фэншуй. Санкт-Петербург. «Невский проспект», 2006.

4. 新小辞林 第五版 東京「三省堂編集所」、1999.

5. 中嶋尚 新選 慣用句の辞典 初版 東京「小学館」、1996.

6. 仲正工, 間柄奈保子. 表現を豊かに生き生き. 慣用句 (上級). 東京「専門教育出版」、2005.

7. Фудзинума Т. Японско-русский словарь. Токио. «Кэнкюшя», 2000.

8. Longman Active Study Dictionary. Fourth Edition. Edinburgh. «Pearson Education Limited», 2004.

9. Кадзи С., Хама Н., Райс Д. Эти странные японцы. Пер. с англ. Г. Дуткиной, Д. Дуткиной. Москва. «Эгмонт Россия Лтд», 2000.

10. Лаврентьев Б., С.В. Неверов. Японско-русский и русско-японский словарь. 6-е издание. Москва. «Русский язык Медиа», 2004.

11. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. Алматы. «Толғанай Т», 2004.

Данная статья посвящена изучению семантики фразеологических единиц японского языка, используемых с соматизмом 腹 (*hara*) «живот» и выявлению их лингвокультурологической характеристики, знание, которых позволят лучше ознакомиться со спецификой миропонимания японского народа.

This article is devoted to the studying of semantics of phraseological units, used with 腹 (*hara*) «stomach» somatism and revealing their lingvoculturological characteristics, the knowledge of allows better understanding of world-outlook specification of Japanese people.

Чакирова М. К

ҚАБУСНАМА - САРҚЫЛМАС ДАНАЛЫҚ

Парсы-тәжік әдебиеті ежелден - ақ өзінің жұмбақтығымен, тереңдігімен, сыршылдығымен ерекшеленіп, қаншама адамдардың, елдердің жүрек төрлерінен орын алған, алып келеді де және келешекте де қанша жастардың рухани азығына айналатынына хақ.

Парсы-тәжік әдебиетінің ең басты ерекшелігі - нәзіктік. Оның сыры кез келген жүрекке ауыр, тіпті шымшитын

ойларды астарлап, жұмбақтап, ойға батыратындай қылып жазылуында. Кез келген мәселеге үңіле, терең, фәлсафалық тұрғыдан қарауында. Жай әдемі, жылтырақ, бос сөз емес, терең ой мен оюлана-өрнектелген сөздің ұштасып, астарласу нәтижесі.

«Иран әдебиетінде атам заманнан белгілі бір дәстүрлер қалыптасқан. Сол дәстүрлер бойынша қайсыбір үлкен